

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «07» тамыз

БЖЗҚ Мобильдік кеңсесі 3 ай ішінде 75 рет сапарға шықты

Зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтарға, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, олардың ішінде шалғайда орналасқан кішігірім елдімекендердің тұрғындарына да қатысты. Сондықтан БЖЗҚ әрбір азаматқа зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге күш салып келеді.

Қор 2015 жылдан бері салымшылар мен алушыларға көшпелі қызмет көрсетіп келеді. Егер салымшы немесе алушы қандай да бір себеппен, бірінші кезекте денсаулығына байланысты Қор кеңсесіне келе алмайтын болса, Қор қызметкерлері оған өздері барып қызмет көрсетеді. 2018 жылдың алғашқы жартысында осы жоба аясында 3,9 мың көшпелі шара ұйымдастырылып, 93,4 мың операция жүзеге асырылды.

Шалғайда орналасқан елдімекендерде, сондай-ақ Қор бөлімшелері жоқ аудандарда зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдың екінші тоқсанында «Мобильдік кеңсе» жобасы іске қосылды. Ол барлық қажетті техникалармен және жерсеріктік байланыс құралымен жабдықталған. 2018 жылдың 16 сәуірі мен 30 маусымы аралығында, яғни үш ай ішінде «Мобильдік кеңсе» 75 рет жолға шықты «Мобильдік кеңсенің» жолға шығуы арнайы әзірленген жоспар және кесте бойынша жүзеге асырылды. Жол жүру бағыты жергілікті әкімдіктермен алдын-ала келісіледі және салымшылар мен алушыларға да алдын ала хабар беріледі.

Осы сапарлар барысында Қор қызметкерлері 5,1 мыңнан астам адамға қызмет көрсетіп, солар үшін 6,3 мыңнан астам операцияны орындады. Негізгі көрсетілген қызметтерді атап айтар болсақ, олар: шарттың жаңа редакциядағы көшірме нұсқасын алу, зейнетақы шотынан үзінді-көшірме беру, салымшылардан деректемелерді өзгерту/толықтыру жөнінде өтініш қабылдау қызметтері. Сонымен қатар көшпелі қызмет көрсету барысында 2,3 мыңнан астам жергілікті тұрғынға ақыл-кеңес берілді.

Еске саламыз, бүгінде «Мобильдік кеңсе» жобасы Алматы, Атырау және Қостанай облысында жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі уақытта «Мобильдік кеңсе» жобасын ағымдағы жылы Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында іске қосу бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2019 жылы жобаны Қордың Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстық филиалдарында жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2018 жылдың наурызында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен «Қазпошта» акционерлік қоғамы арасында ынтымақтастық және Шаралар жоспары туралы Меморандумға қол қойылды. Осы Меморандум аясында зейнетақы қызметтерін Қазақстанның ұлттық пошта байланысы операторының кең көлемді филиалдық желісі арқылы көрсету жоспарланып отыр.

Трансферагенттік қызметтерді көрсету үшін елдімекендерді таңдау барысында экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындарының саны аз, шалғай орналасқан елдімекендерге басымдық беріледі. Алғашқы кезеңде трансферагенттік қызметтер тұрғындарының саны 5 мыңнан асатын 24 елдімекенде көрсетіледі. Жобаны 2018 жылдың

15 қыркүйегінде іске қосу жоспарланып отыр. Осылайша биылғы жылдың соңына дейін республика өңірлерін зейнетақы қызметтерімен қамту көрсеткіші 11 пайызға ұлғаяды.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz